

Жұмабай ӘБІЛ

(Түркістан)

**ДИАЛОГ КОМЕДИЯ СӨЗДІГІН ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ  
ПРИНЦИПТЕРІ**

*В статье рассматриваются основные принципы составления словаря диалог комедии и особенности его внедрения в современный терминологический оборот.*

*Makalede, diyalog-komedi sözlüğünü hazırlamanın temel ilkeleri ve günümüzdeki kullanım hususiyetleri üzerinde durulmaktadır.*

Диалог комедия терминдерінің көнелігін дәлелдейтін нәрсе ғалымдардың терминдердің жасалу тәсілдері мен қай сөз таптарында жасалатындығы жөніндегі ой тұжырымдары. Мәселен, О.С.Ахманова[1], С.М.Бурдин [2] секілді ғалымдар термин сөздер зат есімнен жасалады дейтін пікір айтады. Ал, диалог комедияның терминдері әуел баста зат есімнен жасалды. Әрине, аталмыш жанр терминдерінің етістік, сын есімдердің де қатысы арқылы қолданылатын түрлері бар. Мұндай тәсілдердің бар екендігін айқын тұжырымдаған ғалымдар В.П.Даниленко[2], Ж.М.Молдажаров [3], Д.С.Лотте [4]. Сонымен қатар терминдердің қай сөз таптарынан болатындығын зерттеді.

Бір қызығы, лингвист ғалымдардың термин жасаудағы әдіс-тәсілдерінің барлығы диалог комедия сөздігінде түгелдей кездесіп отырады. Мәселен, термин сөздердің сөйлем арасында ұшырасуы не ұшыраспауы жалпы термин жасаудың лексика, стиль проблемаларымен қатыстылығы мәселесі жайындағы А.А.Реформатскийдің [6], Б.А.Головиннің [7] айтқан ойларының диалог комедияның терминдерін жасақтауға қатысы мол.

Терминге берілген анықтамалардан да диалог-комедияның сөздігін жасаудың ғылыми принциптерін белгілеуге қажетті деректерді таба аламыз. А.А.Реформатскийдің: “Термин дегеніміз – заттардың атауы мен ұғымын білдіретін, арнаулы, өзінің ерекше қызметі жағынан шектелген, ғылым мен техника, саясат пен дипломатияда өте қажет сөздер” [8] деген анықтамасы диалог комедиядағы ғұрыптық, салттық міндеттіліктерге қатысты сөздерді терминдік атаулар қатарында қабылдауға мүмкіндік береді.

Диалог комедия сөздігіне қатысты теориялық талаптардың шекарасы әлі белгіленген жоқ. Бірақ, ол жалпы терминологияға қойылатын талаптардан тысқары тұрмайды. Терминдердің білдіретін мағынасы нақты және құрылымының қысқа болуы сияқты теориялық талаптарды зерттеушілер қашаннан қолдайды. Бірақ, соның қабатында терминдердің көп сыңары болатындығын да қостайды. Бұны қостайтын ғалым Д.С.Лотте. Ол терминдердің дара және көп компонентті болып құралатындығына көңіл бөледі. Өзі терминдердің үш сыңарлы түрлерін зерттеп шықты [5]. Диалог комедия сөздігін жасауға бұл айтылған пікір де өте-мөте қажет. Өйткені,

диалог комедия терминдері көбіне дара да, күрделі болып та кездеседі. Көп компонентті, бір сыңарлы болуы – халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, жалпы үйлестіруші факторлар мен тағы басқа компонент атауларының жалқы немесе көп сыңардан тұратындығымен де сабақтас дамыған.

Диалог комедия терминдері көбіне бір, екі не үш сыңарлы болады. Көп сыңарлы түрлері репертуарлық тармақтарда да аса көп кездеспейді. Орындаушы тұлғаларға қатысты терминдік атаулар бір не екі сыңардан ғана құралуы заңды. Үйлестіруші факторлардың атаулары көп компонентті емес. Мәселен, той, үйлену тойы, қыз ұзату тойы, тұсаукесер, бесік тойы, т.б. алсақ екі-үш сыңардан аспайды. Үйлестіруші факторлардың бір сыңардан тұратын түрлері де аса көп. “Шілдехана”, “Ұйқыашар”, “Тасаттық”, “Бастанғы” секілді үйлестіруші факторлардың түрлері осы айтқанымыздың айқын дәлелі. Бет-қимыл комедияға қатысты терминдік атаулары да бір, екі не үш сыңармен шектеледі. Бұл оның репертуарлық тармақтарының бір не екі сөзден тұратындығына байланысты. Бет-қимыл комедияның репертуарына ене алатын қазақ халық әндері “Ғалия”, “Нақ-нақ”, “Дедім-ай”, “Молдабай”, “Айнамақоз” секілділер бір сыңарлы болса, ал “Ағаш аяқ”, “Ақ сиса”, “Ләйлім шырақ” – екі сыңарлы, “Он алты қыз” - үш сыңарлы. Диалог комедиядағы орындаушылық топтардың атаулары осындай тәсілдермен жасалады. Мәселен, бақсы, жырау, ақын, әнші, күйші тәрізді орындаушылық атаулары бір сыңарлы болса, әнші-ақын, сал-сері деген атаулардың екі сыңары бар. Осыларды диалог комедиядағы халықтық күлдіргі топтарға қолдансақ, ең алдымен “қулар” деген сөз еске түседі. Бұл сөз көптік мағынада тұрғанымен, бір сыңарлы. Ал оның құрамындағы күлдіргі орындаушылардың атаулары да бір сыңарлы болып келеді. Мысалы, сайқымазақтар, масқарапаздар, майрапаздар, лепірімшілер, көпірімшілер, т.б.

Терминдік атаулар мен терминдік тіркестер жасаудың өз заңдылығы бар. Ғылымның алға қадам басып, жаңа кеңістіктер көкжиегінің ашылуы дәстүрлі емес терминдік атаулардың да үздіксіз туындап отыруының басты кепілі. Тосыннан айналымға түскен терминдік атаулардың қай-қайсысы болмасын барлық ғылым саласының өсіп-өркендеуінің жемісі. Өзге ғылым салаларының жетістіктерінсіз белгілі бір ғылым салаларының әлі атауы нақтыланбаған құбылыстарға қатысты терминдік ұғымдарын не терминдік тіркестерін қалыптастыру қиын. Әсіресе, қазіргідей ғылымдардың бір-бірімен кірігу процестері қарқынды дамып жатқан кезеңдерде бұның маңызы өте зор.

Әлемдік әдебиеттану ғылымына әдеби процестердегі қалыптасқан заңдылықтарды әртүрлі ғылым саласының терминдерін кіріктіру жолымен анықтау тәжірибесінің енгеніне біраз уақыт болды. Бұл ретте орыстың көрнекті ғалымы М.Б.Бахтиннің есімі еріксіз еске түседі. Бұндай аса тәлімді тәжірибені театр өнері саласында алғаш ұсынғандардың бірі – К.С.Станиславский. Оның өзі жазған системасына көбіне психология ғылымында қолданылатын терминдерді кеңінен пайдаланғаны белгілі.

Догмаға айналып кеткен ұғымдар әдебиеттану мен театртану саласында да аз емес. Мәселен, ғылым тілін ауызекі тілдегі атаулардан мүлдем бөліп қарайтын көзқарас қай елдің де әдебиеттануынан кездеседі. Дүниеге “Диалог комедия” деген жанрлық ұғымның келуі ауызекі тілдегі атау сөздердің сан мыңдаған түрлеріне ғылыми сипат дарытты. Қазақ халқында, жалпы, көшпелі халықтарда ғылым тілі дамымай қалған дейтін түсініктерді теріске шығаратын бірден-бір методология “Диалог комедияның” терминдік атаулары мен тіркестерін, ұғымдарын түзу болып табылады. Демек, диалог комедияның сөздігін жасау ауызекі тілдің де ғылыми мүмкіндігінің жоғары екендігін дәлелдеуге негіз болады.

Егер диалог комедияның генезисіне үнілсек, күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылатын атау сөздердің қай-қайсысы да сонау ежелгі замандардың өзінде терминдік міндеттер атқарғанын көреміз. Олай болса, терминология саласының туу, даму, қалыптасу тарихы да аталмыш жанрдың терминдік атауларымен тығыз қатысты.

Диалог комедияның ең көне жанр екендігін мойындау – ғылымға қатысты терминдік атаулардың ең алғаш фольклорлық театр саласында жасалғандығына көз жеткізеді.

Диалог комедия жанры – адамзатты сан мыңдаған жылдар ішінде ғылым тілін жасаудың дайындығынан өткізді. Ғылым тілін ауызекі тілде жасаудың жолдарын көрсетті. Ең алғашқы терминдік атаулар өмір сүру мақсатында белсенді харекет еткен адамдарға байланысты туды. Ондай адамдарды “дәнекерші” деп атады. Осының өзінен бастапқы терминдік атаудың диалог комедия орындаушыларына қатысты туғанын байқаймыз. Шындығында ең көне заманғы барлық терминдік атау сөздердің иесі – орындаушылар. Сол орындаушылардың әр түрлі функция атқаруына орай олардың атаулары саналуан өзгеріске ұшырады. Дәнекерші атқарған функцияның кейінгі өзгерістеріне сәйкес сан түрлі атау сөздер дүниеге келді. Қысқасы, диалог комедияға қатысты терминдік атаулар мен тіркестер оның көп функциялылығынан туындап жатты.

Үйлестіруші факторлардың түрлерінің атаулары да диалог комедияның терминдік атауларын қалыңдата түсті. Бұндай атаулар әлем халықтарының ұлттық тілін туғызды. Олардың функциясы ортақ болғанмен, атаулары әр халықтың өз ұлттық тілінде ғана жасалды.

Диалог комедия терминдерінің көп бөлігін репертуарлық тармақтарға қатысты атаулар құрайды. Әр халықта кездесетін диалог комедияның репертуарлық тармақтары аса бай болады. Өйткені, репертуарлық тармақ орындаушылар мен ән, күй, жыр, сондай-ақ ұлттық ойындардың түрлерінен тұрады. Орындаушы дәнекерлер мен дәнекер орындаушылардың репертуары да диалог комедия сөздігінің қорын барынша арттырады.

Ғұрыптық міндеттілікті орындаушылар мен салттық міндеттілікті орындаушылардың атаулары – диалог комедия терминдерінің басты қайнары. Бұған нанымдық-сенімдік, рәсімдік, мерекелік міндеттілік атауларын қосамыз.

Ғұрыптық міндеттілікті айқындайтын атау сөздер - жалпы халықтық тілдің негізгі қоры. Ғұрыптық міндеттіліктер – орындаушылардың ырыми характертерді іске асыруы. Сол характертердің сан мыңдаған атаулары диалог-комедияның сөздік қорына қосылады.

Салттық міндеттілікке қатысты сөздердің қоры да өте мол. Дүние жүзі халықтарының салт-дәстүрінің терминдік атаулары қыруар санды түзейді. Осы айтылған жайлар диалог-комедия терминдерінің жалпы халықтық тілде жасағандығын көрсетеді.

Диалог комедия терминдік атаулар сөздігін жасауға халық ауыз әдебиеті, сол ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар фольклорлық театр, ұлттық ойындар жайында жарияланған зерттеу-еңбектер мен мақалалар, этимологиялық, лингвистикалық түсіндірме және мәдениет пен өнер, философиялық сөздіктерге, энциклопедиялық басылымдарға енген материалдар жан-жақты көмектеседі.

Диалог комедия сөздігі оның жанрлық түрлерінің репертуарына қатысты терминдік атаулардың есебінен де толығыады. Мәселен, бет-қимыл комедияны жасаушы дәнекер орындаушылардың саны қанша болса, сонша атау бар. Ал олардың әрқайсысының репертуарындағы әндер мен күйлердің, термелердің, жырлардың атаулары түгелдей диалог комедияның сөздігіне жатады. Бақсы – диалог комедияны туғызған орындаушы тұлға. Солармен қарым-қатынасқа түсетін жындардың атаулары да көп. Ал бақсылардың санының өзі қаншама. Қулар іс-әрекетін баяндайтын күлдіргі әңгімелердің тақырыбы да диалог комедия сөздігінің ауқымын кеңейтеді. Өйткені, оның барлығы қалжың комедияның репертуарының негізінде фабулалық сюжетке айналған.

Диалог комедия терминдерінің қалыптасу жолын оның табиғи арнадан кәсібиленген түрге өту процестерінен іздеген жөн. Бірінші мәселе, біртекті және әртекті кезеңдегі фольклорлық театр мен халық ауыз әдебиетінің біртұтас және жарыспалы түрде дамыған уақыттағы атау сөздерді басты назарда ұстау. Одан кейінгі мәселе диалог комедияның кәсібилену арнаға бет бұру процесіндегі және халық театрлары әбден қалыптасқан уақыттағы атау сөздердің немесе терминдік ұғымдардың айырым белгісін жасау. Үшіншіден диалог комедия театрлары мен халық театрларының терминдік атаулары мен терминдік тіркестердің ара жігін ажырату мәселесі де маңызды. Тағы бір жәйт шығармашылық характерке ешқандай қатысы жоқ тұрмыстық міндеттіліктерді іске асыратын орындаушылардың атауларын диалог комедия сөздігіне енгізудің ғылыми принциптерін белгілеу.

Еліктеу екпіні ескі наным-сенімге байланысты ғұрыптарды орындау кезінде жарқырап көрінеді. Осындай екпінге қатысты айтылатын әр түрлі сыйыну-жалбарыну, аруаққа табыну секілді түсініктерден туған тұрақты сөз тіркестерін диалог комедияның терминдік тіркестері ретінде қабылдаудың да әбестігі жоқ. Себебі, диалог комедияның пайда болуына нақ осындай түсініктер әсер еткен. Сондықтан, оларды ежелгі заманда туған ғылыми сипаты бар сөздер деп ұғамыз. Бұндай терминдік атауларды филология

ғылымдарының докторы Матжан Тілеужанов халық ауыз әдебиеті мен этнографиядан іздеу керектігін айтады. Ол былай дейді: “Осы ұғымдардың кейбіреулері алғашқы кезден-ақ сөздік (тілдік) мағынаға ие болып, ал енді біреулері сол қимыл-қарекеттер (ырымдар) жиынтығы боп қалды. Сөзге ие болғандарының мәнін ауыз әдебиеті текстерінен іздейміз, ал ие бола алмағандарын ескі ырымдардан (этнографиядан) іздестіреміз. Жауын жаумаса садақа беруді немесе балалардың жарқабақтан суға тас лақтыратынын алайық. Бұл ырымдардың (тотем) тілдік мәнін бір сөзбен айтып беруге болмайды. Олар этнографиялық ұғым ретінде келе-келе салтқа, әдетке айналып кетті” [9]. Міне, зерттеушілер осылайша әдет-ғұрыптарға, салт-дәстүрлерге байланысты қалыптасқан сөздерді әдебиеттану саласынан мүлдем алыстатып әкетеді. Ал, егер бұған диалог комедиядағы үйлестіруші факторлардың терминдік ұғымдары тұрғысынан келсек, онда жанрлық атауларға тән ғылыми сипатқа ие болады. Өйткені тұрақты үйлестіруші факторлар этнографиялық ұғымдардың қай-қайсысының да диалог комедияның жанрлық белгісі ретінде қызмет етуіне ықпал жасайды. Олай болса этнографиялық ұғымға ие сөздерді, тұрақты тіркестерді диалог комедияның сөздігі ретінде қарастыруымыз заңдылық. Көне наным-түсініктерге қатысты сөздер, тіркестер, жалпы этнографиялық сөз байлығы диалог комедиядағы екпін түрлерінің тұрақтылығын сақтайды. Сөйтіп, ол диалог комедиядағы дәстүрліліктің алтын кілтіне айналады. Ел аузында осы күнге дейін айтылып келе жатқан “Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке”, “ай көрдім, аман көрдім”, “қоныс құтты болсын, шөп шүйгін болсын”, “ұлыс он болсын” сияқты күрделі тұрақты сөз тіркестері мен ойсыл қара, шопан ата, камбар ата, шекшек ата, сондай-ақ, “Баба түкті шашты Әзиз”, “Бибібатима”, “Қарашаш”, “Балуан қыз” секілді сөз тіркестері көне замандардың қазіргі кезеңге дейінгі аралықта диалог комедиядағы еліктеу, ырғақты, серпінді екпіндердің тұрақтылығын орнықтырып қана қоймай сол екпіндердің тоғыспалылығын да реттеп отырады. Аталған ұғымдардың құдайға табыну, аруаққа, әр заттың иесіне сыйыну сияқты іс-әрекеттерді бейнелеуі пайда болғанына байланысты мұны үйлестіруші факторлардың наным-сенімге қатысты түрлерінің терминдік тіркестері мен ұғымдары деп есептейміз.

Диалог комедия терминдерін ритуалдық міндеттіліктерге қатысты қолданылатын сөздер байытады. „Ырым-тыйым сөз” деп аталатын сөздер топтамасының түпкі қайнары ежелгі замандағы түрлі діни түсініктердің әсерімен орныққан ритуалдық міндеттіліктерде жатыр.

Ырым-тыйым сөздер деген күрделі сөз тіркестері – халық ауыз әдебиетінің сөздік қоры. Бұны фольклорлық театрдағы „ырым-тыйым міндеттіліктері” деп атаған орынды. Осындай міндеттіліктердің көмегімен диалог комедиядағы еліктеу екпіні күшейеді әрі ритуалдық міндеттіліктер диалог комедиядағы термин атауларын қалыптастырумен бірге орындаушылардың соңы айыруын да ұйымдастырады.

Ырым-кәде рәсімдердің атаулары диалог комедиядағы ұсақ тіркеспелі тәртіптің терминдерін құрайды. Осылайша аталған жанрдың ішкі құрылымдық жүйесінің әрқайсысының өзіне тән терминдік атаулары жік-жікке бөлініп, сараланады. Ритуалдық міндеттіліктерге байланысты ырым-тыйым міндеттіліктерінің терминдік атаулары мен терминдік тіркестері бөлініп шықты. “Ғайып ерен” ұғымы да еліктеу екпініне қатысты терминдік атау. Мысалы:

Тоқсанда атам Тоқтарбай,  
Қүдіретіне тапсырдым.  
Алпыста анам Аналық,  
Бибібатимаға тапсырдым.  
Шырағым, сені Қарлығаш,  
Қарашаш ханымға тапсырдым.  
Қосақ жарым Құртқаны,  
Балуан қызға тапсырдым.  
Адасса жолға салып жүр,  
Бәлекет келсе, қағып жүр.  
Баба түкті Шашты Әзиз,  
Ғаламды Сізге тапсырдым [9].

Осындағы Тоқтарбай, Аналық, Бибібатима, Қарлығаш, Қарашаш, Құртқа, Балуан қыз, “Баба түкті Шашты Әзиз” деген атау сөздердің мағынасын еліктеу және ырғақты, серпінді екпін тұрғысынан топтауға болады. Бұл атаулар әрі диалог комедияның жанрлық түрлері мен рухани салтанаттылық терминдері тұрғысынан да саралауға мүмкіндік ашатын әдемі үлгі. Бұндай үлгі диалог комедиядағы екпін түрлерінің тоғыспалығынан туындаған. Үзінді келтірілген жырдың тақырыбының өзі де бет-қимыл комедияның терминдік атауынан тыс қалмайды. Ал, малдың басына ұрмау, мал сүтін аяқ асты етпеу, малды аяқпен теппеу, келін үйге түскенде отқа май құю, оттан аттамау, отты су құйып сөндіру, айға қарап қолын шошайтпау, айға қарай шабынбау, түзге отырмау секілді тағы басқа көптеген ырым-тыйым сөздер - еліктеу екпініне қатысты терминдік атау сөздер тобына енеді.

Диалог комедия сөздігін іштей топтастыру да күн тәртібінде тұрған мәселе. Бұның да өзіндік қиындығы жетіп артылады. Ең әуелгі қиындық диалог комедияның компоненттеріне қатысты атау сөздерді тақырыптық тұрғыдан жік-жікке бөліп, саралап, топтастыру міндетінен туындайды. Біз мұны төмендегіше топтастырғанды жөн санаймыз.

1. Диалог комедияның құрылымдық жүйесіне қатысты атау сөздер.
2. Диалог комедияның жанрлық түрлеріне қатысты атау сөздер.
3. Диалог комедиядағы үйлестіруші факторларға қатысты терминдік атаулар.
4. Диалог комедиядағы орындаушы тұлғаларға және олардың түрлеріне қатысты атау сөздер.

5. диалог комедияның репертуарлық тармақтарына қатысты атау сөздер.
6. Диалог комедияның екпін жүйесіне қатысты атау сөздер.
7. Диалог комедияның кешенді (комплексі) жүйесіне қатысты атау сөздер.
8. Диалог комедияның дәстүрлі емес түрлеріне қатысты атау сөздер.
9. Диалог комедияның халықаралық сипаттағы терминдік атаулары мен ұғымдары, терминдік тіркестері.
10. Диалог комедиядағы рухани салтанаттылыққа қатысты атау сөздер.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексике. –М., 1957. С.29.
2. Бурдин С.М. Выступление//Вопросы терминологии. –М., 1961. С.107.
3. Даниленко В.П. Русская терминология. (Опыт лингвистического описания). – М., 1977. С.189.
4. Молдажаров Ж.М. Становление и развитие казахской лингвистической терминологии. Автореф.дис.канд.филол.кан. –Алматы, 1972. С.2-3.
5. Лотте Д.С. Образование и провозписание. Трехэлементных научно-технических терминов. М., 1969. С.6.
6. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология.//Вопросы терминологии. М., 1961. С.51.
7. Головин Б.А. О некоторых направлениях и задачах изучения лексика терминологии и стихей . Горький. 1973, вып.1. С.5-17.
8. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1960, С.85.
9. Тілеужанов М. Ел әдебиеті, -А. 1978, 3-бет.